



• ЖАСТАР СЛЕТІ

«Enbek.Bolashaq.Damu»: Ниет болса, жұмыс табылады

Жұмысшы мамандарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Бұл жайлы Қарағандыда өткен «Enbek.Bolashaq.Damu» жастар слетінде айтылды. Форумға Қарағанды облысының қалалары мен аудандарынан 600-ден астам делегат жиналды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«AMANAT» партиясының облыстық бөлімшесі және «Жастар Рухы» жастар қанаты слеттің өтуіне мұрындық болды.

– Келесі жыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Бұл біздің слетіміздің негізгі ұранына айналды. Біздің облыста жастарға көптеген жұмыс орындарын ұсынатын ірі кәсіпорындар бар екенін көрсеткіміз келді. Ол үшін оқу, еңбекқорлық және өзіңе деген сенімділік қажет. Біз мұндай іс-шаралардың жастарға пайда әкеліп, кері байланыс алуға мүмкіндік беретіндей етіп, жыл сайын жасауды жоспарлап отырмыз, – деді «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағандыдағы төрағасы Ержан Хамитов.

Слет аясында жастар Саран индустриалды аймағына барып, KamaTyresKz, Silk Road Electronics, QazTehna зауыттарына экскурсия жасады. Сондай-ақ, жастар кәсіптік бағдар беру бойынша кеңестер алды. Слеттің маңызды бөлігі форсайт-сессияда киберкылмыс, синтетикалық есірткі, лудомания секілді өзекті тақырыптар талқыланды. Ашық диалог барысында әрбір қатысушы сұрақтар қойып, сарапшылардан толық жауаптар алды.



Слет панельдік отырыспен аяқталды. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сөз алып, өңірдегі жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған елеулі күш-жігерді атап өтті. Сондай-ақ, оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсартудың, кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын енгізудің маңыздылығына тоқталды. Тұрғын үй мәселелерін шешуге көмектесетін жас мамандарға арналған жеңілдетілген ипотекаға ерекше назар аударылды.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – талантты жастар елі. Ертең сіздер мемлекетіміздің абыройын аскақтатасыздар. Ал бүгін біз сіздердің дамуларыңызға барлық жағдай жасауымыз керек» деді. Бұл – жай сөздер емес, бірлесіп жүзеге асыратын іс-қимыл жоспары. Біздің облыс жұмыс күшін белсенді түрде жұмылдыруда, бізге басқа өңірлерден мамандар келеді. Бізде Саран қаласында ірі индустриалды аймақ және Қарағандыда «Сарыарқа» аймағы бар. Жұмыстан қорықпаңыздар. Ең бастысы – ниет, ал бос орындар бізде жеткілікті, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.



Отырысқа жұмысшы мамандықтары тандаған жастар да қатысты. Олар студенттермен өз тәжірибелерімен бөлісті және еңбек нарығының нақты қажеттіліктеріне назар аударудың қаншалықты маңызды екенін айтты.

– Мен ірі кәсіпорындар туралы көп нәрсені білемін деп ойламаған едім. Біздің облыста зауыттарда жүріп көптеген қызықты адамдармен таныстым. Мұндай слеттер жастардың қолдау сезінуі және даму мүмкіндіктерін көруі үшін маңызды, – деп атап өтті слетке қатысушы ҚарУ-дың IV студенті Диана Мұстафина.

Слет соңында әртүрлі салада өзін танытқан бес белсенді қатысушы Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, меценат Асқар Оразбековтен 100 мың теңгеге ақшалай сертификат алды.

Слетте өңірдегі жастар саясатын одан әрі дамытудың негізгі бағыттары белгіленді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қандастарға қамқорлық жалғасады

Жыл басынан бері 16 535 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Аймақта 462 адам бұл мәртебеге қол жеткізді. Бұл – 192 отбасы. Олар Өзбекстан, Монғолия, Қытай, Ресей мен Қырғызстаннан келген.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, елге келген азаматтар мәртебесіне ие болған бетте бейімдеу және интеграциялық қызметтерді бірден алады. Олар электрондық цифрлық қолтаңба алады, жұмыспен қамтылады, мектепке дейінгі және мектептерге, медициналық нысандарға тіркеле алады. Сондай-ақ, жер учаскесін алуға, отбасының цифрлық картасына қосылуға мүмкіндік туады. Барлығы 25 түрлі қызмет көрсетіледі.

Қандастарға көмек көрсететін – еңбек мобилділігі орталықтары. Қандастардың басым бөлігі Теміртау, Қарағанды, Саран, Шахтинск қалалары мен Абай, Бұқар жырау, Осакаров аудандарында тұрақтайды. Қарағанды облысы қандастарды қоныстандыру өңіріне жатпайды. Олар өз бетінше, квотадан тыс келіп, орналасып жатады. Осы ретте аймақта қандастарға құқықтық көмек көрсетіп, кеңес беретін бейімдеу және ықпалдастыру орталығы бар екенін атап өткен жөн. Орталық он адамға жаракталған. Ондағы мамандар қандастарға азаматтық алу, білім және денсаулық сақтау, жұмысқа тұру мәселелерінде көмектеседі.

Деректерге сүйенсек, ел бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны – 57,4%, еңбекке қабілетті жастан кіші – 33,2% және зейнеткерлер – 9,4%. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1991 жылдан бері елге 1 млн 144,9 мың этникалық қазақ оралғанын мәлімдеді. Оларды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстар анықталған болатын.

Өз тілшімізден

• БАСПАСӨЗ – 2025

«Орталықпен» біргемін!



Мен жалпы оқушы кезімнен «Орталықпен» біргемін. Менің әуірім деп әудемжер жүріп, бір істе жалт еткенімді осы «Орталық» жалаулатып сүйіншілеп отырады.

Карантин кезінде ел үйінен шыға алмай қалған кезеңде де елді елең еткізіп, онлайн айтыс өткізіп, халықтың еңсесін көтерген де осы «Орталық» еді. Газет болсаң, «Орталықтай-ақ» бол дер едім.

Аймақта өтіп жатқан мәдени шаралардың бірегей жаршысы да «Орталық Қазақстан» газеті. Облыстың басты басылымның бір оқырманы өзім.

Газет аймақтың тыныс-тіршілігінен бір елі ажыраған емес. Оқырман жұртшылықтың мұң-мұқтажын, театр, ойын-сауық ошақтарының жаңалығын, спорттық шаралар мен саяси орталардың маңызды қадамдарын алғашқылардың бірі болып таратып отырады.

Ең бір тиімділігі – расталған нақ-

ты ақпараттың жарияланатыны. Қазір әлеуметтік желідегі көп ақпараттың біршамасы жалған болып жатады. Көпшілік оның әсерінен алданып онық та жеп жатыр. Ал, басылым бетіндегі дүниеге күмән жоқ. Себебі газет бетіне түсерде ол ақпараттың «жеті рет өлшеніп, бір рет кесілетіні» анық.

Айтпағым Арқа жұртының бар жақсылығының жаршысы «Орталық Қазақстан» газетіне жазыла отырыңыздар, құрметтілерім! Қазір газетке жазылу өте оңай. Бәрімізге қолжетімді ұялы телефонымыздағы Kaspi.kz қосымшасына кіріп, Kaspi QR арқылы жазыла аласыздар.

Дидар ҚАМИ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

• ДЕНСАУЛЫҚ

Ауыл медицинасының әлеуеті артады

Өңірде ауылдардағы медициналық инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жоба аясында 92 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысаны салу жоспарланған. Бүгінгі күні оның 17-сі халық игілігіне берілді. Жыл соңына дейін тағы 19 медициналық нысан бой көтереді. Қалған 56 нысанның құрылысы келесі жылы аяқталады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен аптада Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратов жұмыс сапарымен болып, облыста аталған жобаның іске асырылу барысымен танысты. Осакаров және Шет аудандарында



салынып жатқан нысандарды көзімен көріп қайтты. Жұмыс сапары барысында ауыл

халқына уақытылы білікті көмек көрсетудің, кадрлық және техникалық қамтамасыз етудің, халыққа медицина

налық көмекті үйлестіру бойынша басқа денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері, сондай-ақ, шалғайдағы ауылдық елді-мекендердің тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсету мәселелері көтерілді.

Ауылдардағы дәрігер тапшылығын жою үшін елді-мекендерге баратын мамандарға төленетін бір реттік көтерме көлемі 1,5 миллионнан 8,5 миллионға дейін өсті. Осы уақытқа дейін 63 маманға осындай көмек көрсетілді. Жыл соңына дейін тағы 20 маманды көтермелеу жоспарланған.

Ұлттық жоба аясында Теміртау және Балқаш қалаларының ауруханалары ауданаралық аурухана болып қайта жабықталады. Бұл да өңір тұрғындарының медициналық көмекке қолжетімділігін арттыра түспек.

Сурет Денсаулық сақтау министрігінен

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»
ГАЗЕТІНЕ

Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Жеке жазылушылар үшін

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

| Санаттар | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге) | |
|-------------------------------|---|----------|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 ай | 10447,44 |
| | 12 айға | 20894,88 |
| Жеке жазылушылар үшін | 6 айға | 3386,60 |
| | 12 айға | 6773,20 |
| | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге) | |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға | 5882,60 |
| | 12 айға | 11765,20 |
| Жеке жазылушылар үшін | 6 айға | 3074,60 |
| | 12 айға | 6149,20 |
| Жеткізусіз | 12 айға | 4116 |

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru



• ҚАУІПСІЗДІК

Өнім қауіпсіздігі бірінші орында

Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті 5 мың сынама өнімді сатып алып бақылау жасады. Жүргізілген санитариялық-эпидемиологиялық сараптама қорытындысы бойынша тексерілген өнімнің 35%-ы Еуразиялық экономикалық одақтың бірінші санитариялық талаптарына және техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республика аумағында таратылатын өнімнің қауіпсіздігіне жүргізілген сараптама нәтижесінде 439 жедел ден қою шарасы қабылданды. Халық денсаулығына қатер төндіруі ықтимал 2 тоннадан астам өнім сатылымнан алынды.

Ауыл шаруашылығы министрлігімен өзара іс-қимыл шеңберінде импорттық өнімнің 34 өндірушісіне қатысты күшейтілген зертханалық бақылау енгізілді. Сондай-ақ, техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл кезінде 2023 жылы сүт өнімдерінің, құс етінің және парфюмерлік-косметикалық өнімдердің сәйкестігі туралы 200 декларацияның қолданылуы тоқтатылды және күші жойылды. Уыттылық деңгейін, зиянды заттардың құрамын, микробиологиялық және басқа да сипаттамаларды анықтайтын санитариялық-эпидемиологиялық сараптама облыстық және аудандық деңгейдегі Ұлттық сараптама орталығының 84 аккредиттелген зертханасында жүргізіледі.

Денсаулық сақтау министрлігі нарықтағы өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдап, халық денсаулығын қорғауға бағытталған заңнама аясында жұмысын жалғастырады.

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жастарды қолдау алаңы

Қарағанды индустриалды университетінде өңірдегі алғашқы Студенттер ассамблеясы жұмысын бастады. Бастама барлық деңгейдегі жастар жобаларын жан-жақты қолдауға қатысты Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында айтылған Қазақстан Президентінің тапсырмасын іске асырудың бір бөлігіне айналды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ассамблеяның ашылуы Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы Saуaрqа Jастар форумның өткізілуімен тұспа-тұс келіп, осы ойды іске асырудың маңызды кезеңіне шықты.

Жаңа студенттер ұйымының активімен алғашқы кездесуге Қарағанды индустриалды университетінің проректоры Галина Сивякова, ҚХА кеңесінің мүшесі Тимур Жұмырбаев, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Александр Урмашов, «Ассамблея жастары» белсенділері қатысты.

«Ой толғау» форматындағы маңызды іс-шараға қатысушылар Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанаты қызметінің әлеуетті бағыттарын талқылады. Студенттік ассамблеяны талантты жастарды қолдау платформасы ретінде дамуына ықпал ететін қолданбалы жобаларды жүзеге асыруға баса назар аударылды.

ҚХА Кеңесінің мүшесі Тимур Жұмырбаев белсенді студент жастарды Қазақстан халқы Ассамблеясының, «Ассамблея жастары» РҚБ облыстық өкілдігінің қызметіне тартудың мәніне тоқталды. Ол Студенттер ассамблеясын құру жалпыұлттық құндылықтарды дамытуға, мемлекеттік тілді үйренуге, сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар және ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал ететін жастар жобаларын қолдауға бағытталғанын еске салды.

Жыны соңында Тимур Жұмырбаев жаңа бірлестік белсенділеріне Қарағанды индустриалды университетінің қабырғасында студенттер Ассамблеясының ресми ашылуы туралы куәлікті салтанатты түрде табыс етті.

Интернет инфрақұрылымының игілігі

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен аппарат жиынында өңірде «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын іске асыру және IT саласын дамыту туралы кеңінен сөз болды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылы қабылданған ұлттық жобаның іске асырылуы туралы ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Константин Ильницкий баяндады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шалғайдағы 106 ауылдық мектепте жоғары жылдамдықты интернет мәселесі шешілген бүгінде. Қуантарлығы – спутниктік байланыс орнатудың арқасында сегіз мың бала білім берудің қайнар көзіне қол жеткізді. Осылайша ауылдық елді мекендердің 91%-ы ғаламторына көз жүгіртеді. Ал, жыл соңына дейін 4G мобильді интернеті Қарқаралы, Ақтоғай аудандарының тағы 13 ауылына тартылуы тиіс. Жалпы, санамаалап келгенде 342 елді мекеннің 219-ы ғаламтор желісімен қамтылған болып шықты. Яғни, 208 мың тұрғын қолжетімді интернет желісінің толыққанды қолданушысы дей беріңіз.

Спикердің сөзіне сенсек, тым шалғай ауылдарға интернет желісін жеткізу екі ірі жоба шеңберінде жүзеге асқан. Бірі – ауылдық елді мекенді талшықты-оптикалық желісімен қамтамасыз ету. Нәтижесінде 47 ауыл ғаламтор желісіне қол жеткізген. Мәселен, облыс бюджетінің есебінен Нұра ауданындағы 1700 тұрғыны бар 5 ауыл ғаламтор желісіне етті қосылған. Өткен жылы мобильді операторлар мүмкіндіктерінің арқасында 6 ауыл интернетпен қамтылған еді.

– Алдағы уақытта Veeline компаниясымен тығыз қарым-қатынас орната отырып, серіктестікті дамыта түсуге мүдделіміз. Өйткені, өңір сол компанияға бекітілген. Қазірде 13 елді мекен анықталып, оның төртеуі жергілікті бюджет негізінде ғаламтор желісімен қамтылмақ. Өзге 6-ы желі операторының қаржысымен іске асырылмақ. Мысалы, Қарқаралы ауданы әкімдігі тарапымен мердігер компания анықталды. Құрылыс жұмысын қараша айының соңында бастау жоспарланады. Қалған елді мекендердің тиесілі жерін ресімдеу амалдары басталып кетті, – деді басқарма басшысы.

Жыл соңына дейін аталған елді мекендер жұртшылығы төртінші буынды интернет игілігіне қол жеткізеді.

Оқу ошақтарында ғаламтор желісімен қамту мақсатында салалық басқарма қарамағына 106 мектеп бекітілген-тін. Білім ордаларының дені жоғары жылдамдықты спутниктік ғаламтор желісіне қосылып, аймақтағы 8000-ға тарта оқушы сапалы ақпарат легіне қол жеткізген. Алайда, бұл уақытша мерзім екендігін еске салды спикер. Қажетті жабық қамтылған соң талшықты-оптикалық жүйе орнайтын болады. Өйткені, бұл арзан әрі орнықты байланыс.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкімет тарапы бекіткен ұлттық жоба аясында екі ауылды іс-шара басталып кетті. Біріншісі – республикалық-облыстық маңызы бар жолдар бойында антенналық жабық құрылысы болса, екіншісі – облыс орталықтарында бесінші буынды мобиль-



Коллажты жасаған А. Коптева

ді интернетпен қамту үдерісі. Алғашқы жоба шеңберінде енді жыл соңына дейін өңір аумағында «Астана-Алматы», «Қарағанды-Аякөз», «Қарағанды-Баянауыл», «Қарағанды-Павлодар», «Теміртау-Нұра», «Ақшатау-Ақадыр» 14 антенналық дінгек ошағын құру көзделді. Құрылыс жұмысының дені республикалық қазына есебінен субсидияланбақ. Бүгінде оның жетеуінің жобалық құжаттамасы сараптамадан өтіп, оң шешімі шыққан. Қажетті өтімдер деректері Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің тарапына жолданды. Қалған 7 нысанның жобалық құжаты жыл соңына дейін тәмамдалады. Екінші жоба бойынша Қарағанды қаласында 43 базалық станса орнатылып, 5G ғаламторы орнатылу үстінде, – деп атап өтті Константин Ильницкий.

Ал, ендігі жылы жоба аясында 3 кешенді іс-шара ұйымдастырылмақ. Яғни, 13 елді мекенді опто-талшықты ғаламтор желісімен қамту. Ондағы тұрғын саны 200 мыңнан асып жығылады. Жалпақ тілмен айтқанда, соңғы шақырымдарды субсидиялау десек те болатындай. Түпкі діндегені ауылдық елді мекен ішіндегі талшықты-оптикалық желіні тұрғындардың үйлеріне дейін жеткізіп беру. Сондай-ақ, келесі жылдың соңына дейін жаңа технологиялы кең жолақты ғаламторға қолжетімділік 20 мыңнан астам халқы бар тағы 60 ауыл-аймақ қамтамасыз етілімек. Жоталы жоба 2027 жылдың соңына дейін жалғасын тауып, осы уақыт ішінде облыста 168 ауылға опто-талшықты ғаламтор желісін өткізу жоспарланады. Бұл өз кезегінде 59 мың ауыл тұрғындарын сапалы интернетпен

жаратқу мүмкіндігі деп бағамдаған абзал.

Бұдан бөлек, «Қауіпсіз қала» атты бағытта да ауқымды істер қолға алынады. Аталған бағытта қала бойынша 3456 бейнебақылау және 172 жол ережесін бақылау құрылғысы орнатылған. Пайдаланушылардың қолдануына 10 айда ғана 108 мыңнан астам жол бойындағы тәртіп бұзушылық жайты тіркелген болса, оның 260-ы қылмыстық сипатта, 15 мыңы әкімшілік сипаттағы тәртіп бұзушылық. 1 шілдеден бастап Қарағанды мен Теміртау қалаларында 22 «Жаяу жүргінші» атты аппараттық-бағдарламалық кешен жұмысын бастаған. Аталған жүйе компьютерлік бейнебақылау жолымен қажетті деректерді жиянтқытайды. Желдем жәрдем қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 80 көлікке бейнебақылау құрылғысы орнатылған. Бұл өзгеше жүйе үлгісі полиция департаментімен, желдем жәрдем диспетчерлік қызметімен тығыз байланысты. Көлік саласында да Қарағанды қаласында «Ақылды бағдарламалық» жобасын іске асыру басталды. Жобаны тұтастай келесі жылы соңына жеткізу жоспарланып отыр. Дереккер жолдағы көліктер ағынын сарпайтай отырып, жол қозғалысын барынша қолайлы етуге бейімделген. Өрі жол үстінде пайда болған шұңқыр мен қауіпті ойықтарды веб-кеңістіктегі картаға түсіру арқылы тиісті белгі беріледі.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласында iqala электрондық қызметтер порталы іске қосылды, онда сегіз ірі қызмет көрсетушілердің қызметі қолжетімді. «Террикон алқабы» IT-хабы саланы дамытудың өзегіне айналды, – деп атап өтті Константин Ильницкий. IT жүйе

салық түсімдерінің өсуін, ал, компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілесіп қызметтердің көлемі 6,5 млрд-тан 11,6 млрд теңгеге дейін қаражат айналымын ұлғайтқандығы дәйектелді.

Өз кезегінде облыс әкімі бүгінде елдегі цифрландыруды дамытудың жаңа жағдайында ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы байланыс не коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар, жеке деректерді, ақша қаражаттарын, банк карталарын сақтауға арналған платформа болып отырғандығын, ұлттық жоба стратегиялық маңызға ие екендігін назарға салды.

Қош, ұлттық жобаның стратегиялық маңыздылығы айдан айқын. Өзекті де өміршен жоба тек аймақтағы интернет инфрақұрылымын дамыту ғана емес, ауылдық елді мекен атаулысының экономикалық, әлеуметтік әрі мәдени өмірін жандандыруға арналған әртарапты қадам. Аймақ әкімінің атап өткеніндей, заманауи технологиялар тек байланыс пен ақпарат алмасу құралы ғана емес, халықтың күнделікті тұрмыс сапасын арттыратын шешуші факторға айналуда.

Жойдалы жоба аясында қолға алынған жұмыстар легі өңірдің дамуына жаңа серпін береді деп сеніммен айтуға болады. Әсіресе, шалғайдағы ауылдарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету білім беру мен медицина сапасын жақсартып, ауыл тұрғындарына мейлінше мүмкіндіктер жаратады. Бір сөзбен айтсақ, ғалам желісі болашақтың экономикасы мен цифрлық қоғамы. Осылайша, облыста цифрландыру қарқыны артқан сайын өңір халқының өмір сапасы мен әлеуеті де жаңа белестерге көтеріле түседі. Ұлттық жоба ұятқа қалдырмайтыны сөзсіз.

Еңбек еткен – мұратқа жеткен

Биыл облыстың әлеуметтік аз қамтылғандар санатына жататын 178 тұрғыны грант иегері атанды. Олардың әрқайсы 400 АЕК, яғни, 1 476 800 теңгеге қол жеткізді. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, гранттарды қаржыландыру мақсатында 262,87 млн теңге бөлінген.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның ішінде, көпбалалы отбасылар санатындағылар басым, оларға 106 грант. Мүгедектігі бар адамдар санатындағы – 44, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған – 18, асыраушысынан айырылған санатындағылар үшін 6 грант және атаулы әлеуметтік көмек алатындардың қатарынан 4 грант иегері анықталды.

Қарағанды қаласының тұрғыны Самал Оспанова ұтып алған грант қаражатына дұрыс тамақтану десерттерін жасауды қолға алған. Самал Қанатқызының айтуынша, дұрыс тамақтану бағыты сұранысқа ие әрі біздің өңірде жаңадан қалыптасып келе жатыр екен.

– Бес балам бар, сол бала күтіммен үйде отырғанда қолға алдым. Әуелде өз отбасым үшін жасап жүрдім, себебі отбасымда бәрі тәттіні жақсы көреді. Бірақ, әдеттегі тәттілердің зиянды екенін білеміз. Менің ұсынатын өнімдерім қантсыз, глютенсіз және трансмайлар қосылмайды. Қант диабетімен ауыратындар, артық салмағы бар адамдар, жалпы, өз денсаулығын күтетін адамдар

алады. Шеберлік сабақтарын да өткіземін, – дейді ол.

Самал Оспанованың айтуынша, өнімдерінің шикізатын арнайы сайттардан тапсырыс беріп алдырғанды. Себебі, Қарағандыдан табу оңай емес, тапқан күннің өзінде қымбат екен.

– Грант қаражатының қалай жұмсалғаны туралы тоқсан сайын есеп береміз. Мен витриналар, мұздатқыш, миксер, блендер секілді құралдар алдым, – дейді Самал Оспанова.

Гүлдана Жаңағұлова кәсіпін Саран қаласында ашқан. Ол сабын өндіру ісімен айналысуда.

– Маусым айында грант алған бетте ісімізді бастап кеттік, – дейді Гүлдана Абайқызы. – Ғимаратты жалға алып, сабын шығару цехын аштық. Алған негізгі құралымыз – станок пен оның қосалқы құралдары. Алматыдан алдырдық, шикізаттарын да сол жақтан алдыртамыз.

Оның айтуынша, шығарып жатқан сабыны толығымен табиғи өнім.

– Біз кәдімгі тоқ ішекті қолданып, таза өнім шығарамыз. Осы істі бастарда зерттеп қарасам, сабынды шошқаның да, иттің де майын қосып жасай берді екен. Бұл сабынды әуелі өз отбасым, балаларым қол-



данады. Сондықтан, оның таза, адал болуы біз үшін маңызды. Бұдан бөлек, сұйық сабын, ыдыс жуатын құралдар да шығарамыз, бірақ, негізгі өнімдіміз – кір сабын. Басында жолдасым екеуіміз облыстық барлық аудан, қалаларын аралап, өнімдімізді таныстырып шықтық. Қазір алушыларымыз бар. Такси, пойызбен жөнелте береміз, – дейді ол.

Басқармада мәлімдегендей, гранттар жиһаз, кондитерлік цехын ашуға, этникалық үлгідегі, сыртқы және балалар киімдерін



Еңбек адамы




тітуге, массаж кабинетін, сұлулық салонның кеңейтуге, эстетикалық косметологияға, шығармашылық орындарын, тез тамақтану дүңгіршектерге, қымыз үшін жабдықтар сатып алуға, наубайхана, шұжық цехы, кофе аппараты, анимациялық сервис, оттегі борокамерасы, монша, автокөлік болшектері дүкенінің металл конструкцияларын өндіру, аяқ киімді жөндеу және кілттер жасау сынды көптеген бағыттар бойынша жасалған жобаларға беріледі.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• КӨРМЕ

Еваның ерек әлемі

«Алтын ғасыр» галереясында жерлесіміз, қарағандылық суретші Ева Натанованың жеке көрмесі ашылды. Онда жұрт назарына майлы кескіндеме техникасында орындалған 40-тан астам жұмыс ұсынылды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ева Натанова сурет өнерімен бала кезінен айналысады. Өнер мектебінде білім алған. Қарағанды педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетінің түлегі. Республикалық және халықаралық көрмелерге қатысушы, «Бұқарадағы суретшілер» жобасының мүшесі. Отыз жылға жуық уақыттан бері қылқаламы қолынан түспей келе жатқан суретші ғажап туындылардың авторы.

– Көрме көп жылдық еңбектің нәтижесі ретінде ұсынылды. Еліме есеп бергім келді. Туындыларым адам жанына жарық сыйлайтын кескіндеме жанрында жазылады. Жанды оятып қана қоймай, жүректерді жақындатады, тыныштандырады. Негізінен маймен жұмыс істеймін, бірақ, жақында акрилмен жұмыс істей бастадым. Декупаж техникасы арқылы витражды контурларды қолданып

көрдім. Көрмеде май мен акрилдің комбинациясы көрініс табады. Ашық, қанық түстерді, әсіресе, қышқық реңктерді жақсы көремін. Майлы кескіндемеде осындай жарқын реңктер жетіспейді. Сондықтан, акрилмен екіпін қоямын, – деп атап өтті суретші.

«Алтын ғасыр» галереясындағылар Ева Натанованың ерекше жұмыстарын басқалармен шатастыру мүмкін еместігін айтады.

– Ева – талантты және ерекше суретші. Оның жұмысы жарықтығымен, экспрессиясымен ерекшеленеді, көрерменін аспанға қалықтатады. Туындылардан қалыпты өмірдегі, жердегі тақырыптарды таба алмайсыз. Еваның жан әлемін түсіну жұмысына мұқият үнілу керек. Бұл – рахат сезімге бөлейді, – дейді «Алтын ғасыр» галереясы жетекшілерінің бірі Бибігүл Исполова.



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ҚОЙЫЛЫМ

Жастар «Кешкі... 7»-де бас қосты

С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының актерлері ұсынған «Кешкі... 7» спектакль-концертінің премьерасы өтті. Театрдың Qalkeki театр лабораториясы ұсынған жаңа туындының бұрынғы классикалық спектакльдерден көп ерекшелігі бар. Мұны тамашалаған көпшілік растайды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір қарағанда ой тууы мүмкін қойылымның ерекшелігі оның авторы мен сценарийінде емес пе деген. Дәл бұл бағдарламада актерлер басынан өткен оқиғалар сахналанды десем сенер ме едіңіз? Жас режиссер Бәзіл Сұлтанғазы қойған бұл қойылым актерлердің өз өмірінен, күнделігінен алынған махаббат хикаяларынан құралған көрінеді. Өте қызық. Осы хабарландыруды естіген қарағандылық театр сүйер қауым залда ине шапшаң орын қалдырмай тамашалады. Танымал жас актерлердің қайсының өткені, қай актердің сезім ертегісі елең еткізер екен деген ой көпшілікті театр сахнасына телмірттіп қойды.

Жалпы, Qalkeki театр лабораториясы 2021 жылы өнерге өзгеше көзқарас жасап, тың дүниелерді сахналау мақсатында құрылған еді. Ұзақтығы 80 минутқа созылатын қойылымның қоюшы суретшісі – Шынар Елембаева, ал, хормейстер – Ержан Сансызбаев, Сұлтан Тұрсынбеков. Спектакль-концертте қарағандылық акын Шалтанат Қайырбектің «Мен шаршадым-ау деймін...», «Сен...», «Ойлаушы ем өмірді білем деп», «Махаббат» атты өлеңдері оқылды.

Бастысы, қойылым көпшілікке ұнады. Алғашқы көрермендерінің бірі, акын Эльмира Сайлауқызы қойылым жайлы былай дейді:

– Ең бастысы ойға алған идея көрерменге жетті. Көрерменнің басым көпшілігі жастар болғандықтан оларға stand up форматындағы дүние өтімді қашанда. Qalkeki-дің ұтымды тұсы да сол



болды деп ойлаймын. Жалпы, Қарағандыда бұндай дүние әлі болған жоқ. Меніңше, біздің жергілікті театрларға да осындай орта ашу керек. Көпшілігіміз ойлаймыз театрға жастар қызықпайды деп. Неге қызықпаймын мынадай дүниелер болса? Ішкен асын жерге қойып келері анық. Актердің әрқайсысы өз басынан өткен сезім оқиғасы арқылы кісінің кішілігін, адами негіздегі жаратылысын, қателік пен оны түзеудегі жолдарының аражігін ажыратып көрсете алды. Тамашалап отырып, түпкі ойды бірден ұқтық. Тың идея, заманауи түрде көрермен тарту оның ішінде, жастардың қызығушылығын оятуын ең ұтымды жолы дер едім, – деді акын.

Сурет ұйымдастырушылардан

• КОММУНАЛДЫҚ САЛА

Жүйе жүйкені жұқартпасын десек...

«Қарағанды Су» ЖШС өкілдері қарағандылықтарға барлық қоқысты дөретханаға тастауға болмайтынын түсіндірудің жаңа әдісін тапты. Бұл жолы компания жадынама қағазы арқылы онда бәрін сызып көрсетті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осылайша «Қарағанды Су» ЖШС жұмысшылары кәріз коллекторларын қайтадан қоқыстан тазартты. Тұрғындар үшін жаңа ескерту қағаздарын да таратты.

Компания өкілдері сонымен қатар, дөретханаға тамақ қалдықтарын, темекі құмықтарын, жаялықтар, май, тұрмыстық қоқыс, құрылыс қоқыстарын, гигиена құралдары, жануарларға арналған дөретхана толтырғыштары, шүберектер, құлақ таяқшаларын тастамау керектігін көрсетті.

– Елдімекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларына сәйкес құрамында топырақ, құм, құрылыс және тұрмыстық қоқыс, май бар сулар қабылданбайды. Кәрізді пайдалану ережелерін бұзу жиі бітелуге әкеледі. Тұтынушылар көбінесе кәрізге тұрмыстық және құрылыс қоқыстарын, жеке күтім құралдарын, шүберектерді, мысық қоқыстарын тастайды. Кәріз бұл – қоқыс тастайтын орын емес. Оның да әртүрлі міндеттері, пайдалану ережелері бар, – деп еске салды компания өкілдері.



Сурет ашық дереккөзінен

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жұмысы жемісті орталық

Қуатты Қазақстан мемлекетін қалыптастыратын түрлі стратегиялық бағдарламалар жүзеге асырылуда. Еліміздегі жұмыссыздарды жұмыспен қамтып, кәсіпке қызығушылығын ояту үшін түрлі амалы ойластырылды. Байлық, бақыт, бақтық шын беріле істеген жұмыстың арқасында келетінін ұқтырды. Үкімет өнірлерде жұмыссыздықпен күресуді назардан тыс қалдырған емес. Биылдың өзінде Приозерек қаласының Мансап орталығы арқылы 464 азамат тұрақты жұмыс орындарымен қамтылған. Сонымен қатар, жұмыссыз азаматтарды субсидияланатын жұмыс орындарға 205 азамат жіберілген. Бұл туралы Приозерек қаласы Мансап орталығының басшысы Макпал Акимова мәлімдеді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Елдің әл-ауқатқа және жаңа өмір сапасына қол жеткізуін қамтамасыз ететін бағдарламаларға басымдық беріліп отыр. Әлеуметтік қолдау көрсетіліп, оны жүзеге асыруға барынша Мансап орталығы тікелей және мүдделі түрде атсалысып келеді. Айта кетсек, қоғамдық жұмыс орындарына – 103 азамат, «Жастар тәжірибесіне» – 25 азамат, әлеуметтік жұмыс орындарына – 22 азамат, алғашқы жұмыс орындарына – 18 азамат, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасына – 1 азамат, «Күміс жас» жобасына – 36 азамат жолданды. Сонымен қоса, 2025 жылы «Алтын жас» бағдарламасын жүзеге

асыру жоспарлануда. Жобаға зейнетке шыққан азаматтар 36 айға жолданады. Жалақының 50%-ы субсидияланады. Бірақ, ең төменгі жалақыдан артық емес. Жалпы сомасы 85 000 теңгені құрайды. Бұл жоба бойынша зейнеткерлікке шыққан 70 жасқа дейінгі азаматтар арасында сұраныстар жүргізілуде. Жоғары және орта кәсіптік мамандықтары бар 35 жасқа дейінгі жастар, 50 жастан асқан және 70 жасқа дейінгі еңбекке жарамды зейнеткер жасындағы азаматтар біздің орталыққа жүгінуде, – дейді Макпал Акимова.

Орталық басшысының айтуынша, жолға қойылған жобалар жүзеге асырылып, табысы төмен



жандарға кәсіпкерлікте алғашқы қадамдарын жасауға және өздерінің бизнес-бастамаларын қолға алуына септігін тигізген. Сондай-ақ, қысқа мерзімдік кур-

старға жіберу арқылы жастардың мамандықты тегін игеруіне де жол ашқан көрінеді.

ПРИОЗЕРСК

Сурет автордан

• БАЙҚАУ

Ескі салтты сақтаған

Қарағанды облысы кәрістер этномәдени бірлестік өкілдері ұлттық тағам дайындау үшін 170 келі қырыққабат пайдаланған. Биыл кәрістердің ұлттық «Кимчи» жобасы жетінші рет өтті. Ол алғаш рет Қарағандыда 2017 жылы өткен еді.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түрлі этнос өкілдерінің өз салты мен дәстүрі бары мәлім. Әр ел сол салтымен ерекшеленеді. Кәрістердің де белгілі наным мен салты біршама тәрбиелік мәнге сай қалыптасқан.

– Бұл жобаның мақсаты – дәстүрді сақтау және оны аға буын өкілдерінен үйреніп, болашақ ұрпаққа жеткізу. «Кимчи» жобасы әрдайым жаңа болып, ойын-сауық форматта өтетін дәстүрлі дүние. Бұл ешқандай насихат немесе өзге ұлтқа баулу емес. Кимчи – бұл кәрістердің ұлттық асы. Бұл жобада отбасы мен салты бірлесіп айналысады. Көксемгені ортақ мүддеге жұмыс жасау. Ал, кимчи тағамы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілген, – дейді корей этномәдени бірлестігінің төрағасы Лилия Ким.

Расында, кәріс халқы бұл үрдісті берік сақтаған. Олар бұл дәстүрді кейінгі ұрпақтары да сақтаса дейді. Биыл іс-шараны алғаш рет кәріс жастары ұйымдастырды. Дайын кимчи контейнер-

лерге салынып, олардың достары мен таныстарына таратылды. Контейнерлерге арналған жапсырмалардың дизайнын да этномәдени бірлестіктің жас мүшелері дәстүр бойынша жасаған.

– Ереже бойынша біз дайындаған тағамды дәм таттыруға буын өкілдерінен үйреніп, болашақ халқы Ассамблеясының мүшелеріне тараттық. Олар біздің жоба туралы біледі және оны жыл сайын күтеді. Достарымыз, әріптестеріміз, іскер топ мүшелеріміз де ауыз тиді, – деді Лилия Ким.

Шараға келушілер кимчи тамағының ерекше екенін айтады. – Маған корейлердің бұл тағамы қатты ұнады. Жоба аясында бірігіп дайындап көрдік. Елтеп үйрендім. Енді үйде дайындап, отбасыма ұсынбақшымын. Кимчидің дәмі бөлек болуымен қатар, адам организміне пайдасы да зор, – дейді қала тұрғыны Әділбек Қанатұлы.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қарағанды облысының әкімдігі Абай ауданының әкімі Сабит Тимшинович Оспановқа орны толмас ауыр қаза ағасы **Садбек Темешевич ОСПАНОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Жүректерді тербеген вальс

Қарағандыдағы «Шалқыма» концерт залында Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік «Вальстің ғажап үні» деп аталған вальс кешін өткізді. Бұл кеште қазақстандық және әлемдік классика болып мойындалған вальс әуендері орындалды. Залда ине шаншыр орын болмады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кештің шымылдығы Сыдық Мұхамеджановтың әйгілі «Айсұлу» операсындағы вальспен ашылды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбдугалисын Шоқанбаев дирижер болды. Оркестрмен орындалды.

Содан кейін Дмитрий Шостаковичтің «Первый эшелон» атты вальсі әуелді. Бұл композиция 1955 жылы түсірілген «Первый эшелон» фильмінен алынған. Вальс әуені арқылы Қазақстандағы тың жерлерді игеруге келген еңбек жастарының махаббатын әлдилейді.

Гүлбану Серікова Алаштың ақсұңқар ақыны Серік Ақсұңқарұлының сөзіне жазылған Есжан Әміровтың «Қарағанды вальсі» шырқады. Бұл ән де тыңдарманға танылғалы қашан?! Қазақтың тойында, көңілді кештерде орын-

далып жүр. Талантты ақын мен талантты композитор жазған кеншілер шаһарының төл вальсі.

Оркестр Петр Чайковскийдің әйгілі «Лебединое озеро» балетіндегі вальсті де орындады. «Лебединое озеро» – 1876 жылы 4 актымен жазылған классикалық балет. Жер шарының музыка танытын өрелі тыңдарманы аса бағалайтын жауһар туынды.

Иоганн Штраустың «На прекрасном голубом Дунае» атты туындысы да «Шалқымаға» жиналған тыңдарманды қуантты.

Ян Тирсеннің әйгілі «Амели» фильміне жазылған «Амели» композициясы жастар арасында кеңінен танымал. Кеш бағдарламасы жастардың да қалауын қамтыған. Оркестр дирижері – халықаралық байқаулардың лауреаты Әбілқайыр Сағымбаев.

Стивен Флаэртидің «Анастасия» вальсін халықаралық байқау-

лардың лауреаты Рысты Рахымжан орындады. «Сегіз серінің» әйгілі «Гауһартасын» да шырқады.

Михаил Лермонтовтың «Балмаскарад» повесіндегі вальс те оркестрдің репертуарына еніпті. Туынды – Арам Хачатуряндікі.

Азамат Әбілқасымов пен Жамбыл Балтабаев «Осенний сон» вальсін дуэт болып шырқады.

Қазақстанның мәдениет саласының үздігі Ерлан Бақтыгерейдің дирижерлігімен «Уран хас» балетіндегі вальсі орындалды. Леонардо «Над небом Парижа» деген атакты туындысы да тыңдарманға тарту етілді. Талантты әнші Дулат Аханов Лия Жақановтың «Құрбыжан» әнін айтты.

Кештің нүктесі Шәмші әндерінің попуриімен қойылды.

Сурет Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің баспасөз қызметінен

• БӘРЕКЕЛДІ!

Ән жинағының тұсауы кесілді

Қарқаралыдағы Ш.Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінде «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!» атты ән кеші өтті.



Болатбек ӘШМУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты шараға өнер мен мәдениет қайраткерлері, әр жылдарда Қарқаралыға ән-жырын арнаған ақындар мен сазгерлер, күміс көмей әншілер арнайы келіп қатысты. Әнсүйер қауымға, алыс-жақыннан келген қонақтарға аудан әкімі Әділжан Аргынов құттықтау сөзін арнап, игі лебізін білдірді.

Әйдік елдің аспанын ән кереген осы күні Мәди Бәшмұлының әйгілі әнінің атауы берілген «Атыңнан айналайын,

Қарқаралы!» ән жинағының тұсау-кесер рәсімі де жасалды. Қарқаралының биылғы тойына тамаша тарту болған жинақтың тұсаукесер жоралғысын жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова, аудан басшысы Әділжан Аргынов, Қазақстанның мәдениет қайраткері Қарлығаш Құспанова, жергілікті композитор Қанат Мерсалимов жасап, алпыстан астам әндер жазылған топтаманың сүйінші легіне ақ жол тіледі.

Сахнада қалың елге етене таныс әсем әндер шырқалып, туған жерді тербеген әдемі әуендер қа-

лықтады. Жақсыгелді Кемалов, Дәуренбек Әрқенов, Сержан Мұсайын, Нұрлытаң Саятқызы, Сәрсен Әбішев, Азамат Амантайұлы сынды әншілердің, «Салтанат» ән-би ансамблінің, «Қарқаралы әуендері» ансамблінің, өнер мектептерінің, сонымен қатар, жергілікті өнерпаздар мен «Аңыз» хореографиялық би тобының өнеріне тәнті болып, қошемет көрсетті.

Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген
Тшбек ХАМИТОВ

• СТРИТЛИФТИНГ

Мәскеу мойындаған күш иесі

Шахтинск қаласының тұрғыны Дмитрий Именченков Мәскеуде өткен стритлифтинг X спортынан әлем чемпионы атаанды. Ол WSF кезеңінде 25 келі салмақпен бірнеше рет тартылып, жеңіске қол жеткізді.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еларалық жарысқа 37 елден 3500-ден астам қатысушы жиналды. Біздің спортшы бұл біріншіліктің қатарынан екі жыл жеңімпазы атанғанын еске саламыз. Сонымен қатар, 21 жастағы спортшының қанжығасында екі дүркін Азия чемпионы атағы да бар.

– Стритлифтингпен 4 жыл болды айналысқаным. Алғашында бұл спортқа қосалқы барып жүрдім. Кейін калалық 1-2 жастарда жүделді орынға не болып, қызығушылығым арта түсті. Жалпы, қолдың жұмыс істеуіне,

буындардың катаюына таптырмас спорт. Ал, дайындығыма келсек, жеңіс жолында аз тер төккен жоқпыз. Соның арқасында, міне, жеңіске қол жеткіздік, – деп атап өтті жеңімпаз Дмитрий Именченков.

Аталмыш спорттан басқа, Дмитрий мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Сондай-ақ, ол – жеке фитнес жаттықтырушысы. Оның айтуынша, мұның барлығы оған күнделікті өмірге деген күш-тарлығын оятады.

• БАЙҚАУ

Өшпес есімдер өнегесі

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына арналған «Қарағандының өшпес есімдері» тақырыбы аясында ұйымдастырылған облыстық бейне-репортаждар байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған байқау 2024 жылдың ақпан айында жарияланған болатын.

Кеншілер шаһарының тарихын білу арқылы балалардың өлкетануға деген қызығушылығын оятуға және қаланың дамуына елеулі үлес қосқан тұлғалар туралы бейне-репортаж жасауға бағытталған шараға қатысуға ниет білдіргендер қатары қалың болды.

Атап айтсақ, Қарағанды, Саран, Абай, Шахтинск, Приозерск, Теміртау қалалары мен Бұқар жырау, Қарқаралы және Осакаров аудандарынан 14-15 жас аралығындағы талапты балалар қатысты.

Ұсынылған бейнерепортаждарды осы саланың білікті мамандарынан құралған қазылар алқасы бағалады. Олар – мобилограф, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газеті интернет-редакциясының маманы А.Балпанова, облыстық тарихи-өлкетану мұражайының бас сақтаушысы Д.Сәкімбаев, «5 арна» телеарнасының телеоператоры З.Есмаханов, Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің Ұлттық архив қорын жинақтау және құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу бөлімінің басшысы Қ.Жұмабекова.



Қазылар алқасы жұмыстарды бағалау барысында бірқатар критерийлерді басшылыққа алды. Атап айтсақ, бейнеролик регламентінің сәйкестігі, бейнерепортаждың мазмұны (сюжеттің толықтығы мен тереңдігі, сауаттылық) шығармашылық тәсіл (идеяның өзіндік ерекшелігі мен шығармашылығы, композициялық шешім, бірыңғай стильді сақтау).

Байқау қорытындысы бойынша I орынға Қарағанды қаласы, Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Жібек Қалдыбай, II орынға Бұқар жырау ауданы, С.Торайғыров атындағы мектептің оқушысы Сәкен Жұман, III орынға Қарағанды қаласы, Қарағанды жоғары политехникалық

колледжінің студенті Александра Кривая, Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенті Анара Адамбай ие болды.

«Креативті идея» аталымын Қарағанды қаласы, Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушісі Павел Мерц, «Үздік бейнерепортаж» номинациясын Теміртау қаласы, Ғабиден Мұстафин атындағы мектебінің оқушысы Ернұр Сермаханов, «Үздік техникалық шешім» аталымын Қарағанды қаласы, №85 жалпы білім беру мектебінің оқушысы Айзара Өмірбек, «Тақырыпты ашу шеберлігі» номинациясын Қарағанды қаласы, Ж.Ақбаев атындағы жалпы білім беру мектебінің оқушысы Іңкәр Өмірбек жеңіп алды.

Барлық қатысушыға сертификат, жетекшілерге Алматы хат табысталды.

– Байқауға ұсынған жұмысымды мұқият дайындадым. Ерекше тәсілдерді пайдаландым. Өзім тарихи тақырыптарды ұнатамын. Қарағанды қаласы – ғасырға жуық тарихы бар ірі қала. Кеншілер өлкесін еліміздің индустриялық жүрегі деп бекер айтпайды. Бұл жерде талай тұлғалардың ізі қалған. Осында тұратыны қаншама?! Олар қаламыздың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан. Бейнерепортажда осыларды жүйелі түрде қамтыдым. Еңбегімнің еленіп, мәреңің алдынан көрінгеніме қуанып қалдым. Бұл бағытта әлі біраз жұмыс жасаймын, – дейді Жібек Қалдыбай.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Ararat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJВКZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 133 тапсырыс. Индекс 65484

Оффсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРІК НАРЫН